

¹Муталиев М.  ²Темирханов Б.  ³Сауырқан Е. 

¹Анкара университети, Анкара, Түркия

²Анкара Хажы Байрам Вели университети, Анкара, Түркия

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹meiirbols9293@gmail.com, ²batyrzhantemirkhanov@gmail.com,
³erekejan@gmail.com

АНДАЛУСИЯНЫҢ АЛТЫН ҒАСЫРЫ: ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

Аңдатпа. Бұл мақалада Андалусияның әлеуметтік құрылымы, әкімшілік жүйесі және экономикалық дамуы қарастырылады. Андалусия мұсылман билігі кезінде ерекше мәдени, ғылыми және экономикалық өрлеу кезеңін бастан кешірді. Бұл өрлеу этникалық топтар арасындағы өзара қарым-қатынас, тиімді басқару жүйесі және экономикалық гүлдену арқылы жүзеге асты. Зерттеудің басты мақсаты – Мақала Андалусиядағы әлеуметтік топтардың құрылымын, олардың өзара байланысын, мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшеліктерін және экономикалық дамудың негізгі факторларын талдауға бағытталған. Зерттеу барысында тарихи дереккөздер негізінде әртүрлі этностардың қоғамдағы рөлін анықтау, басқару құрылымының тиімділігін көрсету және экономиканың даму үрдістерін сипаттау міндеттері қойылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, арабтар мен барбарилер арасындағы этникалық қақтығыстарға қарамастан, мәдени ықпалдасу процесі жалғасқан. Әкімшілік жүйе тиімді ұйымдастырылып, мемлекет ішкі тұрақтылық пен әскери қуатын сақтай алды. Экономикада қалалардың өркендеуі, сауда мен ауыл шаруашылығының дамуы маңызды рөл атқарды. Ислам ғылымдарының өркендеуі мен араб тілінің кеңінен таралуы қоғамның рухани дамуына оң әсер етті. Андалусиядағы әлеуметтік құрылым, әкімшілік басқару жүйесі және экономикалық даму қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуіне ықпал етті. Түрлі этникалық және діни топтар арасындағы мәдени алмасу, билеушілердің тиімді саясаты және экономикалық даму бұл өңірді ортағасырлық ислам әлемінің ең гүлденген аймақтарының біріне айналдырды. Сонымен қатар мақала отандық тарихтың дамуына өз септігін тигізеді.

Кілт сөздер: Андалусия, Алтын ғасыр, Кордова халифаты, ислам өркениеті, әлеуметтік құрылым, әкімшілік жүйе, ғылым-білім.

Кіріспе

Андалусияның алтын ғасыры – тарихта ерекше орын алатын кезең. Бұл уақытта ислам әлемі, ғылым мен мәдениет өркениетінің шыңына жетіп, қоғамдық құрылым мен әлеуметтік динамикада ерекше өзгерістер орын алды. Мұсылмандардың билігіне өткеннен кейін Андалусияда әлеуметтік құрылым түбегейлі өзгерді. Бұл жерде арабтар мен барбарилердің арасындағы күрес, сол замандағы халықтың түрлі топтарының өзара қарым-қатынастары үлкен маңызға ие болды. Мұсылман еместер, яғни христиандар мен яһудилер де ислам мәдениетінің әсерімен дамып, жаңа әлеуметтік құрылымға интеграцияланды.

Әкімшілік құрылымда да айтарлықтай өзгерістер болды. Әр түрлі билеушілердің саясаты мен Әмәуи мемлекетінен кейінгі әкімшілік реформа елдің ішкі тұрақтылығын сақтап, сыртқы жауларға қарсы тиімді күрес жүргізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, III Абдуррахман билігі кезінде экономикалық дамудың жоғары деңгейге жетуі Андалусияның Еуропадағы ең бай және ірі мәдени орталыққа айналуына себеп болды.

Білім мен ғылым саласы ерекше орын алды. Құран ілімдерінен бастап, медицина, математика, астрономияға дейінгі көптеген ғылым салалары өркендеді. Бұл кезеңде көптеген

ғалымдар шығып, өз еңбектерімен тарихта із қалдырды. Андалусияның филологиясы, философиясы және ислам ғылымдарының дамуы – айрықша назар аударуға тұрарлық.

Осы ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – Андалусияның әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуын зерттеу арқылы оның ортағасырлық ислам әлеміндегі маңызын тереңірек ашу. Әсіресе, бұл кезеңнің әлеуметтік құрылымы мен ғылыми жетістіктері, оның әлемдік өркениетке қосқан үлесі бүгінгі күні де үлкен қызығушылық туғызады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеудің материалдары мен әдістері Андалусияның Алтын ғасырының әлеуметтік құрылымы, ғылымы мен мәдениеті, әсіресе тіл, әдебиет, фикһ және философия салаларындағы даму үрдістерін талдауға негізделген. Мақалада қолданылған негізгі дереккөздер тарихи жазбалар, араб және латын тіліндегі құжаттар, сондай-ақ қазіргі ғылыми еңбектер болып табылады. Зерттеу барысында тарихи және мәдени аспектілердің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін әртүрлі әдіснамалар қолданылды:

1. Тарихи талдау: Андалусияның әлеуметтік құрылымы мен әкімшілік жүйесінің өзгерістері, сондай-ақ оның мәдени және ғылыми дамуын зерттеу үшін тарихшы ғалымдардың жазбалары негізінде салыстырмалы талдау жүргізілді. Әкімшілік құрылым мен қоғамдағы әртүрлі топтардың арақатынасы, әсіресе мұсылмандар мен мұсылман еместер арасындағы байланыс қарастырылды.

2. Әлеуметтік құрылымның талдауы: Әлеуметтік жүйенің элементтері, мысалы, мұсылман және мұсылман емес топтар, олардың арасындағы қарым-қатынастар, яғни арабтар мен барбарилердің арасындағы күрес пен ықпалды өзгерістер зерттелді. Сонымен қатар, муалладундар мен мустағрибтердің әлеуметтік және мәдени бейімделу процесі егжей-тегжейлі қарастырылды.

3. Ғылыми әдіс: Ғылым мен білім саласындағы дамулар араб тіліндегі философиялық және ғылыми шығармалардан, сондай-ақ мұсылман ғалымдарының шығармаларынан алынған деректер арқылы зерттелді. Әсіресе, тәпсір, хадис, фикһ және философия салаларындағы ілімдер талданып, олардың Андалусиядағы ғылыми мектептерге ықпалы көрсетілді.

4. Мәдени талдау: Андалусияның мәдени өмірі мен өнеріне қатысты деректер мұсылман, христиан және яһуди мәдениеттерінің өзара әсерлесуі тұрғысынан зерттелді. Бұл тұрғыда әдебиет, архитектура, музыка және басқа да мәдени аспектілердің тарихи мәні мен рөлі айқындалды.

5. Салыстырмалы әдіс: Әкімшілік құрылым мен саяси жүйелерді басқа исламдық мемлекеттермен, әсіресе Шығыс Әмәуи халифаты мен Солтүстік Африкамен салыстыру арқылы Андалусиядағы ерекшеліктер мен ортақ тұстар айқындалды.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік құрылым мен әкімшіліктегі реформалар, ғылым мен мәдениет саласындағы жетістіктер, сондай-ақ бұл өзгерістердің кейінгі тарихқа ықпалы жайлы кең көлемде түсінік беруді мақсат етеді.

Талқылау

Андалусияның алтын ғасыры қоғамның көпқабатты әлеуметтік құрылымымен ерекшеленді. Әлеуметтік топтар арасында күрестер мен қайшылықтар болғанымен, мұсылман билігі олардың мәдениеті мен тілін біртұтас етіп қалыптастырды. Арабтар мен барбарилердің арасындағы тайпалық қақтығыстар мәдени алмасуға кедергі келтірмей, жаңа қоғамды қалыптастыруға ықпал етті. Муалладтар мен мустағрибтер сияқты жергілікті халықтың араб мәдениетіне енуі, білім мен ғылым саласындағы прогреске әсер етті. Әкімшілік құрылымның күрделілігі мен түрлі ұлттардың өзара әрекеті Андалусияның гүлденуіне маңызды рөл атқарды. Әлеуметтік және мәдени деңгейдегі бірқатар қиындықтарға қарамастан, Андалусия әлемдік өркениетке маңызды үлес қосты. Мақала барысында осы тұстар талқыланып отырады.

Зерттеу нәтижесі

Андалусияның әлеуметтік құрылымы мен ғылымы ерекше дамыған кезеңді бастан кешірді. Әлеуметтік құрылымда әртүрлі этникалық топтар арасындағы өзара қарым-қатынастар маңызды рөл атқарды. Арабтар мен барбарилердің арасындағы күрестер мен қақтығыстар мемлекеттің саяси тұрақтылығына әсер еткенмен, мәдени алмасу жалғасқан. Әкімшілік құрылымның тиімділігі мен әскери әлеуеті Андалусияның гүлденуіне ықпал етті. Экономикада Кордова мен басқа қалалардың өркендеуі үлкен табыс әкеліп, білім мен ғылымда айтарлықтай жетістіктер орын алды. Араб тілінің кеңінен таралуы, сондай-ақ ислам ғылымдарының өркендеуі қоғамның рухани дамуында шешуші фактор болды.

1. Әлеуметтік құрылым. Андалусия жері мұсылмандардың билігіне өткен соң алдыңғы Вестгот кезеңіне қарағанда басқа әлеуметтік құрылымның куәсі болды. Дін тұрғысынан қоғам екі топтан тұрды: мұсылмандар және мұсылман еместер. Мұсылмандардың ішінде де арабтар, барбарилер, мауали, муалладун және сақалиба сияқты әртүрлі топтар болды. Арабтар саны жағынан азшылық болғанымен, жаулап алғаннан бастап Андалусия Әмәуи мемлекеті ыдыраған 1031 жылға дейін әкімшілік, әлеуметтік және экономикалық өмірдің басым және жетекші қатарына айналды (Темирханов, Муталиев, 2024: 79). Елде көбінесе қайс халқы мен йемендіктер арасында исламға дейінгі кезеңдегі дұшпандық сезімінен туындаған тайпалық қақтығыстар жиі болып тұратын. Бұл қақтығыстар мемлекеттің саяси күші мен беделін әлсіретіп жіберді. Барбарилер жаулап алуда үлкен рөл атқарып, арабтардан бірнеше есе көп болғанымен, Андалусия Әмәуи мемлекеті ыдырағанға дейін арабтар сияқты алдыңғы қатарлы орынға, әсіресе әкімшілік өмірге ие бола алмады. Екінші жағынан, Әмірлік дәуірінде армияның негізінен барбарилерден құралуы бұл топтың Андалусиядағы ықпалын айқын арттырды және бұл Гранада құлағанға дейін жалғасты. Арабтар сияқты барбарилерде де рушылдық сезімі оянып, әртүрлі тайпалар арасында күрес туындады, олар да арабтармен ара-тұра қақтығысқа түсті. Алайда бұл қақтығыстар арабтар мен барбарилер арасындағы мәдени алмасуға кедергі болған жоқ. Расында, мұсылман территориясына өткеннен кейін көп ұзамай барбарилер бір жағынан арабтар арқылы ислам дінін жақынырақ тануға мүмкіндік алса, екінші жағынан аз уақытта арабша сөйлей бастады. Көбісі шығыстағы, әсіресе парсы текті мәуәлилер санының үлесі аз болуына қарамастан саяси және әкімшілік өмірде маңызды рөл атқарды.

IX-шы ғасырдың ортасынан бастап Андалусиядағы мұсылман халқының басым бөлігін исламды қабылдаған жергілікті халықтар (Муалладун) құрады. Кейбір араб қауымдары көршілері болған муалладундермен жақсы қарым-қатынас орната алмады, бұл олардың рушылдық ықпалынан өздерін жоғары санауынан туындаған болатын. Бұл жағдай араб-Муаллад дұшпандығына әкеліп соқты, нәтижесінде екі жақ арасында IX-шы ғасырда жиі текетірес орын алды. Муалладтар ұзақ уақыт бойы өздерінің мәдени ерекшеліктері мен айырмашылықтарын сақтап қалды. Бұндай жағдайдың негізгі себептерінің бірі олардың бұрынғы діндестері – мұстағрибтермен іргелес тұрып, өмір сүрулері еді. Дегенмен, билеуші III. Абдуррахман дәуірінен бастап бұл топ мұстағрибпен бірге өмір сүруді талап ететін саяси оқиғалардың аяқталуы, берекенің артуы, білімнің таралуы, халықтардың бір біріне жақындасуы сияқты себептерге байланысты дұшпандық сезімдері ыдырау процесіне кірісті. Арабтар мен Муалладтар арасындағы дұшпандық 9 ғасырда Шығыстағы шұғубийа қозғалыстың түрі шектеулі болса да әдеби жағына қарай ауысты. Осы орайда муалладтардың бірі Ибн Гарсийенің арабтарды қорлап, өздерін жоғарылататын трактаты әйгілі. Мұсылман халқының тағы бір тобы сақалиба болды. Бұлар құл саудагерлерінен сатып алынған, сарайға әкелінген, ислам дінін қабылдап, сарай әдебін үйренген, түрлі қызметке пайдаланылған француз, неміс, итальян, т.б. текті құлдар болған. III Абдуррахман рушылдық факторын сейілту үшін қолбасшылық, уәзірлік сияқты кейбір жоғары лауазымдарға арабтардың орнына араб текті емес мұсылмандарды тағайындап, оларды метрериалдық тұрғыда қолдауының арқасында мол байлыққа ие болды және олардың қоғамдағы ықпалының айтарлықтай артуына себеп болды. Нәтижесінде сақалибалардың бұл жағдайы араб және барбари ақсүйектерін

алаңдатты. Тіті, Ибн Әбу Әмір үкіметте болған кезінде олардың ықпалын әлсіретуге тырысты (Сайид, 1985: 33).

Мұсылман емес халықтарға келетін болсақ, олар христиандар мен яһудилер болды. Дереккөздерде «Муахидун», «Әһли зимма» және «Ажем» деп аталатын христиандар дінін, храмдарын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, өмірі мен мүлкінің қауіпсіздігін сол кезде жасалған келісімдер аясында сақтауға құқылы болды. Олар мемлекетке жизя төледі, ал жері барлар алым төлеп отырды. Уақыт өте христиан халқы ислам мәдениетінің терең ықпалына түсті. Испандықтар да араб тілін ана тіліне қоса жазба және ауызекі тіл ретінде қолдана бастады. Олар киім, тамақ, сусын, т.б. сияқты күнделікті өмірінің көптеген салаларында мұсылмандарға еліктеді. Сондықтан оларды «мустағриб» яғни арабқа айналған деп атайды. Олардың басында “кумис” (comes) деп аталатын қауым басшысы болды және бұл басшы мемлекет алдында өз қауымының өкілі болды. Олар мемлекеттің әртүрлі мекемелерінде, соның ішінде армияда маңызды қызметтер атқарды. Осылайша олар әкімшілік, қоғамдық және мәдени өмірге үлес қосты. Әдетте мұсылман еркектерге тұрмысқа шыққан христиан әйелдер өз діндерін қалағандай ұстануға құқылы болды. Олардың араб және латын тілдерін білуінің және ислам мәдениетін жақыннан тануының арқасында бұл қауым Андалусия мен Христиан Испания, тіпті Еуропаның басқа елдері арасындағы мәдени алмасуда көпір қызметін атқарды. Бұл тұрғыда еврей қауымының рөлін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Вестготтардың күйреуі қарсаңында діни құқықтары толығымен алынып, құлдыққа түскен еврейлер Мұсылмандардың Испан жеріне аяқ басуымен діни қауым ретінде қайта тірілу және өз діндерін ыңғайлы түрде орындау құқығына ие болды. Бұған қоса бұлар көршілермен де, мемлекетпен де жақсы қарым-қатынаста болды. Олар кең ауқымды сауда қызметі арқасында экономикалық өмірде, ал иврит, латын және араб тілдерін білуінің арқасында әкімшілік және мәдени өмірде маңызды орын алды (Филип, 1980: 592).

Андалусия қоғамында адамдар қай топқа жататынына қарамастан, әулетке тән мемлекет басшысынан басқа барлық жоғары лауазымдарға көтеріле алатын. Алайда қоғамда «хасса, амме, абид, а'ян» деген атаулармен әртүрлі топтардың болғаны да белгілі. *Хассаны* араб, барбари немесе мауали текті ақсүйек әулеттері құрайтын және уәзірлік, губернатор мен қолбасшылық сияқты жоғары лауазымдар осыларға берілетін. *А'янды*, бай саудагерлер мен ферма иелері, ұсақ саудамен, егіншілікпен, мал шаруашылығымен және балық аулаумен айналысқан жұртшылық құраса, ал *Амме* тобының басым көпшілігін барбарилер, муалладундар мен мустағрибтер құрады.

Андалусия қоғамында байлар сәнді де тамаша өмір сүрді. Олардың үйлерінде ауыз су қамтамасыз етілген, негізінен екі қабатты және бау-бақшасы болды. Олардың ішінде кейбірінің үлкен кітапханасы да орын алды. Билеушілер мен мемлекет қайраткерлерінің сарайлары, губернаторлар мен губерниялардың басқа да әкімшілері тұратын ірі сарайлар шағын қала орталықтары іспетті еді. Уақытты қызықты өткізу үшін әкімдер мен байлардың үйінде әдеби-ғылыми пікірталас жиындары, аңшылық кештер ұйымдастырылып, шахмат сияқты ойындар ойнатылды. Қалаларда монша көп болып, бір күні ерлерге, бір күні әйелдерге ашық болды. Ал байлардың баратын моншалары бөлек болатын. Андалусия әйелдері орасан еркіндікке ие болды. Олар көшеде емін-еркін серуендеп, шеңбер болып әңгіме-дүкен құрып, күнделікті намаздарын жиі мешітте оқитын.

2. Әкімшілік құрылым. Андалусия 711 жылдан 756 жылға дейін шығыстағы Әмәуи мемлекетінің құрамында болғандықтан, бұл кезеңдегі әкімшілік істерді кейде Солтүстік Африка генерал-губернаторы, кейде Әмәуи халифаларының арнайы жіберген губернаторлары жүргізді. 756 жылы І.Абдуррахман Андалусияда тәуелсіз мемлекет құрғаннан кейін сол Әмәуи мемлекетін мысалға алып, әкімшілік құрылымы қайта құрылды. 929 жылға дейін Андалусия Әмәуи мемлекетінің басындағы билеушілерге «әмір» немесе «абнау'л-хулафа» атақтары қолданылды, ал бұл жылдан кейін «халифа» немесе «әмиру'л-му'минин» атақтары пайдаланылды. Қоғамның басшысы (имамы) және әскерлердің бас қолбасшысы

болған Андалусия Әмәуи билеушілерінің беделі мен ықпалы кең болды. Мұрагерді тағайындауда ұстануға тиісті нақты принцип болған жоқ, ол әдетте билеушінің тірі кезінде жүзеге асты және бұл кейде таққа таласу әрекеттеріне әкелді. Мулуку'т-Тауаиф пен Насырилер тұсында билеушінің өкілеттігі мен тақ мұрагерін тағайындау да дәл осылай жүзеге асырылды. Әкімшілік иерархияда билеушіден кейін *хажиб*, *уәзірлер*, *сахибул-бәрид*, *хазинул-мал*, *қадил-жамаға*, *губернатор*, *қайд*, *сахибул-мадина*, *мухтасип*, *сахибул-асжал*, *сахибул-ауқаф* сияқты жоғары лауазымды тұлғалар қызмет атқарды. Мемлекеттік қызметшілердің арасында ең жоғарғы деңгейіндегі тұлға хажиб болса, бұлар әкімшілер және халық арасында палата басшысы қызметін атқарды әрі қажет болған жағдайда оның (билеуші) атынан шешім қабылдап, жүзеге асыратын (Хусейн, 1985: 47). Ол сондай-ақ орталық әкімшіліктің жұмысын және провинциялардағы әскери және азаматтық шенеуніктердің жұмысын бақылап, билеушіге осы мәселелер бойынша ақпарат беріп отырды. Мәртебесі жағынан хажибтен кейін келетін және оған бағынатын уәзірлер әр түрлі салаға жауапты болды. Бірақ кейде екі уәзірдің қызметін жалғыз адамға беріп, оларды «зул-уизаратайн» деп атайтын. Уәзірлер тікелей билеушінің немесе хажибтің төрағалығымен жиналып, әртүрлі мәселелерді талқылайтын. Уәзірлер сияқты *катибтердің* саны біреуден көп болды және олар екіге бөлінді. Ресми іс-қағаздарды жазуға жауаптылар «катибу'р-расаил» деп аталса, Байтулмал шығындарын есепке алатындар «катибу'з-зимам» деп аталды. Сахибул-бәридтер ресми хабар алмасуды қамтамасыз етумен қатар, уәлаяттар мен әкімшілерде болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат жинау сияқты маңызды жұмысты да атқарды. Хазину'л-мал қазынаға тиесілі тауарлар мен уәлаяттардан түсетін салықтарға жауапты болды. Бірінші кезеңде әкім тарапынан тағайындалатын «*қадил-жунд*» кейіннен атауы «*қадил-жамаға*» деп өзгертілген қызметке тағайындауды мемлекет басшысы тағайындап, бұның маңыздылығын Аббасидтердегі қадил құдат дәрежесіне жеткізілді. Мулуку'т-Тауаиф дәуірінде әр әулеттің орталығында қызмет ететін *қадил-жамаға* болды. Кордовадан тыс жерде тағайындалған қазылар болса «хаким» деп аталды. Қадил-жамағаның міндеттеріне жұма намазын оқу, неке қию, талақ, мұра, мал-мүлік т.б. мәселелер және олармен байланысты істердің шешімін табу, қорлар мен Бәйтулмал жұмысын бақылау сияқты мәселелер кірді. Ол осы міндеттерді атқарып жүргенде, келіспеушіліктер туындаған мәселелерді шешуге фуқаһалар тарапынан құрылған «мажлису'ш-шура» деп аталатын комитет те көмектесті. Қазылардың сот істерін жүргізуге қатысты кең өкілеттіктері болды. Аббасилердегі сахибу'ш-шуртаға сәйкес келетін *Сахибу'л-мадина* қаладағы әкімшілік тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ең алдымен жауапты адам болды. Ол қоғамдық мінез-құлықтарды бұзатын әрекет жасағандарды жазалау құзыретіне ие болды. Заңды жақсы білетін фақиһтардың арасынан қадил-жамағаға немесе сахибу'л-мадинаға көмекші ретінде *мухтасип* (сахибу'с-сук) қосымша қызмет атқаратын. Бұл қызметкер базарлар мен ондағы таразылардың дәл болуын, сатылатын тауарлардың сапалы болуын, жалған сатып алулардың алдын алуды, бағаның шектен тыс көтерілмеуін, мешіттердің, жолдардың, өзен жағаларының тазалығын қадағалауға жауапты болды (Бурхануддин, 2015).

Бас қаланың орнындағы Кордовадан тыс жерлер әкімшілік жағынан екі бөлікке бөлінді, олардың бірі «*кувер*» (провинциялар), екіншісі «*суғур*» (шекара аймақтары) болды. Куверді тікелей билеуші тағайындаған әкімдер басқарды, ал *Суғрулала*, *Сағрулаусат* және *Сағруладна* деп аталатын үшке бөлінген суғурды «*қайд*» деп аталатын қолбасшылар басқарды. Андалусия Әмәуи мемлекеті, қысқа мерзімді бейбітшілік кезеңдерін қоспағанда, солтүстікте христиандық испан патшалықтарымен, екінші жағынан IX. ғасырдың ортасынан бері шиит Фатимидтерімен үнемі соғысып жүргізгендіктерінен, оның 25-50.000 адамнан тұратын тұрақты әскері қашанда дайын болды және жорық кезінде оған көптеген еріктілер де қатысты. Уәлилер (әкімдер) кезеңінің соңына дейін әскерлер арабтар мен барбарилерден құралса, I. Абдуррахманнан кейін Еуропаның әртүрлі елдерінен әкелінген құлдар (сақалибалар) да қосылды. Әскерлер екі топ сарбаздан тұрды: жаяулар (ражжала) және салт аттылар (фурсан). III. Абдуррахманның басқаруы кезінде Андалусия флоты айтарлықтай жетістіктерге жетті. Осы теңіз флотының

арқасында Солтүстік Африкадағы Фатимидтердің үстемдігі әлсіреп, жағалаудағы кейбір қалалар Андалусия Әмәуи мемлекетіне қосылды. Соғыс қаруы ретінде қылыш, найза, жебе, садақ, қалқан, дулыға, доңғалақты катапулттар және кейінгі кезеңде мылтық қолданылды.

3. Экономикалық өмір. Андалусия, әсіресе III. Абдуррахман билік құрғаннан кейін Еуропадағы ең халқы көп және гүлденген елге айналды. Елордасы Кордова қаласы құрылысын I. Абдуррахман бастаған және кейінгі билеушілер кеңейткен Кордова мешітімен және оның басқа да мешіттерімен, қонақ үйлерімен, моншаларымен және базарларымен бүкіл әлемді таң қалдырды. III. Абдуррахман салған Мадинатуззахра сарайлары мен Хажиб Ибн Әбу Амир салған Мадинатузахира сарайлары өз алдына шағын қалалар сияқты көрінді. Осы кезеңде Кордоваға барған неміс ақыны бұл жерді әлемнің інжу-маржаны ретінде таныстырады. Ишбилия, Тулейтула, Саракуста, Баталиевс, Гирната және Валенсия сияқты қалалар да осындай даму деңгейін көрсетті. Елдегі кейбір тұрақсыздық кезеңдерді қоспағанда, қазынаға түсетін түсімдер үнемі өсіп отырды. Андалусияның қол жеткізген байлығының негізі ауыл шаруашылығы, сауда және өндірістегі жетістіктер екені сөзсіз. Бір жағынан жаулап алғаннан кейін жүргізілген жер реформасымен ұсақ фермерлер нығайып, жерді басқаруға қатысты жаңа ережелер жасалды, бұл фермерлердің жақсы жұмыс істеуіне мүмкіндік берді; екінші жағынан, Шығыста және Солтүстік Африкадағы ауыл шаруашылығының даму үлгісі Андалусияға ауыстырылды; Суармалы егіншілікте де үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Күріш, қант қамысы, өрік, апельсин, анар, мақта сияқты өнімдерді Испанияға әкеліп, мұны Еуропаға қамтамасыз еткен де мұсылмандар болды. Зәйтүн өсірумен қатар парфюмерия өндірісінде пайдалану үшін әртүрлі шөптер, тоқымашылықта пайдалану үшін мақта, зығыр сияқты өсімдіктер өсірілді. Гранада мен оның төңірегінде жібек шаруашылығы, ал кейбір аймақтарда омарта шаруашылығы айтарлықтай дамыған. Вестгот дәуірінде назардан тыс қалған тау-кен ісі мұсылмандар тарапынан қайта жанданды. Әртүрлі пайдалы қазбалар, әсіресе алтын, күміс және темір *Seuuan*, *Bulche*, *Aroche* және *Garbulendülüs* (Алгарве) жерлерінде өндіріліп, өңделді. Жүн, мақта, жібек тоқыма өнері өте дамыды. Тек Кордованың өзінде 13 мың тоқымашы бар деген риуаяттар жеткен. Малага мен Валенсияда дамыған керамика өнеркәсібі болды. Марияда шыны ыдыстар, Кункеде (Cuenca) піл сүйегінен ою кең таралды. Шатибада қағаз, Кордова мен Тулейтулада қылыш және басқа да соғыс құралдары шығарылды. Тағы да Кордовада былғары өңдеу жағынан абыройы өсіп атағы Андалусия шекарасынан тыс жерлерде де таныла бастады. Ауыл шаруашылығында да, өңдеу өнеркәсібінде де байқалған бұл прогресс коммерциялық өмірге, әсіресе теңіз саудасына үлкен серпін берді. Мақта, зәйтүн, зәйтүн майы, заферан, інжір және қант сияқты өнімдер Ишбилия, Мария және Бажжане (Pechina) сияқты жағалаудағы қалалардан Солтүстік Африка, Византия және Мысырға экспортталды, ал ол жерден бұл тауарлар басқа да Азия елдеріне жеткізілді. Андалусия көпестері Мысырмен, Бағдаппен, Меккемен сауда байланысын орнатты; Экспорттың орнына Мысырдан тоқыма бұйымдары, Қиыр Шығыстан дәмдеуіштер және Солтүстік Африкадан астық өнімдері әкелінді. Сондай-ақ осы кезде құл саудасы да өте кең тарады (Адам, 2011: 184).

Андалусия Әмәуи мемлекетінің ыдырауы экономикалық өмірде жалпы тоқырау кезеңіне әкелді. Ишбилие, Кордова және Гранада сияқты қалалар белгілі бір дәрежеде ескі жағдайын сақтағанымен, Мүлуку'т-Тауайф кезеңіндегі ішкі күйзеліс егіншілік жерлерінің жойылуына, қалалардың тоналуына және соның салдарынан тауар тапшылығына әкелді. Экономикалық тоқыраудың тағы бір себебі билеушілердің христиан патшалықтарына төлейтін ауыр салықтары болды. Осыған қарамастан Андалусия Мүлуку'т-Тауайф дәуірінде христиан патшалықтарына қарағанда экономикалық жағынан ілгері болды және бұл жағдай Мурабиттер мен Муаххидтер дәуірінде де жалғасты. Муаххидтер билігінің соңына қарай Кордова, Ишбилия, Марида және Мария сияқты қалалар христиандардың қолына өткеннен кейін бұл аймақта мұсылман халқының көп бөлігінің Гранада мен оның төңірегіне қоныс аударуымен көзге көрінетін жандану болды. 1492 жылы Андалусияда исламдық билік толық жойылғаннан кейін мұсылмандар біраз уақыт христиандық Испанияның экономикалық өмірінде ықпалды

болды. Шығыстағы ислам елдеріндегідей Андалусияда динар (алтын монета) және дирхам (күміс монета) пайдаланылды. Алайда жаулап алудың алғашқы жылдарында монеталардың бір жағында латын тіліндегі тіркестер болды, кейін олар да жойылды. Мемлекеттік кірістер негізінен зекет, жизя, алым, сауда тауарлары салығы, олжа және хумус жерлерінде (бануль-ахмас) жұмыс істейтіндердің төлейтін салықтарынан тұрды. Бұл кірістер мешіт, медресе, көпір, монша, канал, т.б. құрылыс жұмыстарында, әскери қажеттіліктерді өтеу, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын төлеу және ашаршылық жылдарындағы кедейлердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланылды.

4. Білім. Андалусияда үш сатылы оқыту жүйесі болды. Алты жастан басталып, алты-жеті жылға созылған алғашқы кезеңде басқа ислам елдеріндегідей Құран және ғылымхал ілімдерімен қатар араб тілі мен шайырлық оқытылды. Шағын намазханалар мен мешіттерге жақын жерде орналасқан үйлер ұстаздарға арналатын немесе мемлекет тарапынан берілген интернаттар әрі жатын орын ретінде пайдаланылды. Мектеп-интернатта жұмыс істейтін мұғалімдердің жалақысын мемлекет, ал қалған мұғалімдердің жалақысын оқушылардың ата-аналары төледі. Бірінші кезеңді аяқтаған білім алушылар қаласа, «*шуух*» деп аталатын ғалымдардың айналасында құрылған үйірмелеріне қатыса алатын. Белгілі бір бекітілген бағдарламасыз және ерікті түрде өтілген бұл үйірмелерде тіл мен әдебиет, фикһ, тәпсір, хадис, медицина, математика, химия сияқты ғылымдар оқытылды. Мұғалімдер жалақысын мемлекеттен, қорлардан немесе оқушылардың ата-аналарынан алатын. Қолданылған әдістер оқу, тыңдау және жазудан тұрды. Үшінші кезеңде мамандандыру басталатын. Бұл XI ғасырдан бастап ашылған медреселерде немесе танымал Кайраван, Каир, Дамашық, Бағдат, Мәдина, Мекке сияқты ғылыми орталықтарда оқытылатын. Осы кезеңнің соңында олар оқыған медреселердің табысты шәкірттеріне ұстаз бола алатынын көрсететін сертификаттар берілді. Ел билеушісі, хажиб, уәзір, губернатор сияқты жоғары деңгейдегі билеушілер мен мемлекет қайраткерлері жеке ұстаз жалдау арқылы балаларын өз үйлерінде оқытатын (Мухаммад, 1983: 217).

5. Ғылым және мәдени өмір.

а) Тіл және әдебиет: *Филологиялық зерттеулер.* Испания мұсылман билігіне өткенде, 6 миллион халқының басым бөлігі латын тілінде, ал барбарилер мен арабтардың аз бөлігі өз тілдерінде сөйледі. Уақыт өте келе иммиграция және некелер арқылы араб тілінде сөйлейтіндер көбейді. Муалладтар ана тілімен қатар араб тілін де меңгеріп, екі тілді қатар қолданды. Ресми тіл ретінде араб тілі білім мен әкімшілік саласында үстемдік етті. IX ғасырдың ортасына қарай ол мұсылмандар мен тіпті мұсылман еместердің де ортақ тіліне айналды. Кордова епископы Альваро христиан жастарының латынша жаза алмай, бірақ арабша шығармаларды оңай түсінетінін айтып шағымданды. Араб тілінің таралуымен қатар, ғылыми еңбектер де дамыды. Андалусиялық ғалымдар Шығыс грамматикасын зерттеп, өз еңбектеріне негіз етті. Кейінгі ұрпақтар, әсіресе 10-шы ғасырдан бастап, бір жағынан Сибауайхидің *әл-Китабы*, Асмаидың *әл-Әмсалы*, Ибн Кутайбаның *Адабу'л катибы*, Мубаррадтың *әл-Кәмили*, Ибну-Сиккиттің *әл-Альфазы* сияқты шығармаларға пікір білдіріп, тіпті сынап, түзетулер жасай білген әрі әдісі мен мазмұны жағынан өздерінен кем түспейтін төл туындылар да жазған. Бұл авторлардың X ғасырдағы ең маңызды өкілдері он бес жылдық зерттеуден кейін *әл-Бари фил-Луға* атты еңбекті жазған Абу Әли әл-Қали, *әл-Афғалдың* авторы Ибнуль-Кутийе және *әль-Истидрак 'ала Сибауайхи, әл-Уәзыһ, Табақату'н-нахвийин уа'л-луғауийин* сияқты еңбектердің авторы және сол кезеңнің ең ірі филологы ретінде Абу Бәкір әз-Зұбайди танылған. Араб тілін зерттеу Мулуку'т-Тауаиф дәуірінде үлкен жандылықпен жалғасты және Ибн Хазм *Маратибул-улум*, Ибн Сиде *әл-Мухкам* және *әл-Мухассас*, Әбу Убайд әл-Бакри *Фаслу'л-мақал фи шархи Китабил-амсал*, Симтхулла Али *фи шархи Амалил-Қали*, Баталиевси *Шарху Сақтиз-занд, ал-Иқтидаб фи шархи Адабил-куттаб* атты еңбектерімен араб тіліне әртүрлі салада үлестерін тигізді. Одан кейінгі ғасырларда Әбу Әли әш-Шалубин, Ибн Мәлик, Әбу Хаййан сияқты есімдер алға шықты. Солардың ішінде Ибн Мәлик өзінің 1000

шумақтан тұратын «*әл-Әлфия*» кітабында араб грамматикасын өлеңмен және өте қарапайым тілмен түйіндей білген. «Тіл ғалымдарының қолбасшысы» ретінде сипатталған Әбу Хайян араб тілімен қатар түрік, парсы, хабаş тілдерімен де айналысқан (Мехмет, 1996: 210).

б) Ислам ғылымдары.

Тәпсір және қырағат. Каир, Бағдат, Дамашық, Мекке, Мәдина сияқты қалаларға білім алу мақсатында жасалған саяхаттардың арқасында Шығыстағы тәпсірге қатысты зерттеулер мен дамулар мұқият қадағаланды. Бастапқыда ұстаздық қызмет шығыс муфассирлерінің еңбектеріне негізделді. Ал IX. ғасырдың екінші жартысынан бастап Андалусияда тафсир саласында танымал ғалымдар шыға бастады. Бұлардың біріншісі Бақи б. Махладтың *ат-Тафсиру'л-кабир* атты еңбегі өз замандасы Табаридің *Жамиғул-Баян* шығармасынан жоғары саналды. Кейінірек Ибн Әбу Талиб әл-Қайси *Тафсиру'л-Құран*, Ибн Атыййе әл-Андалуси *әл-Мухаррару'л-уажиз*, Мұхаммед б. Ахмед әл-Құртуби *әл-Жамиғ ли-ахками'л-Құран* деп аталатын еңбектерді жазды. Андалусияда қырағат ғылымына үлкен мән беріліп, осы тұрғыда Шығыста келісілген қырағат формаларын сақтау қасиетті міндет саналды. Мысалы, Дание әмірі Мужахид әл-Амири мансабындағы әмірлігімен емес, діни тұрғыда (қырағат иесі) Құран біліміндегі (Құрра) деңгейінің жоғарылығымен танымал болды. Бұл салада Ибн Халдун мақтаған Әбу Амр ад-Дани алты қырағат стилі бойынша *ат-Тайсирді*, ал Ибн Абдулқуддус әл-Құртуби болса *Китабул-Мифтәһ фикһилафи'л-қирағатис-саба* атты еңбектерін жазды.

Хадис. Хадис ғылымына қызығушылық Андалусияда өте ерте басталған. «Табақат» кітаптарындағы мәліметтер көптеген шәкірттердің хадис үйрену үшін Шығысқа барып, қайтып оралған соң Андалусияның әртүрлі қалаларында бұл ғылымнан сабақ бергенін көрсетеді. Олардың кейбіреулері хадис садасындағы жоғары білімдерінің арқасында хадис айтылмаған жалған тақырыптарды оңай ажырата алатын. Хадис ғылымының әртүрлі тақырыптарына арналған көптеген еңбектер де жинақталды. Олардың ішінде Қасым б. Асбақтың *Китаб фи хадис Малик б. Анас*, Ибн Айманның *ас-Сунан*, Әбу Әли әл-Ғассанидің *Тақидул-мухмал*, Ибн Аммар әл-Абдаридің *ат-Тажрид ли-Сыхахис-Ситта*, Қазы Иаздың *әл-Илма*, Рушатидың *әл-Илам* деп аталатын еңбектері бар (Бекир, 2014: 136).

Фикһ. Андалусияға алғаш келгендер және кейін де келушілер ішіндегі арабтар негізінен сириялықтар болғандықтан және сол кезде Абдуррахман б. Амр әл-Аузағи осы аймақтың фикһ имамы болып қабылданғандықтан, бұл имамның (Аузағи) фикһтық көзқарастары бастапқыда Андалусияда күп көрілді. Алайда Андалусия Әмәуи мемлекеті құрылғаннан кейін Иса б. Динар, Яхия б. Яхия әл-Лайси және Утби сияқты шәкірттердің Мәдинада имам Мәликті таңдауға және оның көзқарастарын таратуға талпыныстарының нәтижесінде Мәликилік ұстаным І. Хишам кезіндегі Аузағи мазхабының орнын алмастырып, Андалусияның ресми мәзһабына айналды. Осыдан кейін осы мәзһабты ұстанған көптеген ғұламалар шыға бастады. Табақат кітаптарындағы мәліметтерге қарағанда, фикһ білімінде имам Мәликтің *әл-Муатта* атты еңбегін жаттап, түсінуге көбірек мән берілген. Андалусия фақиһтары арасында «*әл-Муаттаны*» жаттаумен немесе оған тәпсір жазумен айналысатын ғалымдармен қатар, мужтәхидтер, пәтуа білгірлері мен фикһ әдіснамасында маңызды еңбектер жазған ілім иелері де болды. Утби *әл-Утбийя*, Әбул-Уалид әл-Бажи *Ихкамүл-фусул фи ахкамил-усул* және *әл-Ишарат фи усулил-фикх*, Әбул-Уалид Ибн Рушд *әл-Муқаддимат* және *әл-Баян уат тахсил* деп аталатын еңбектерімен ең көрнекті Мәлики фақиһтарының бірі болды.

Мәлики ғұламалары тарапынан құпталмағанымен, Андалусияда басқа да фикһтық мәзһабтар әсіресе Шафиғи және Захири мазхабтарының өте аз бөлікте ғалымдары осы аймақтан шықты. Қасым б. Мұхаммед б. Сайяр, Бақи б. Махлад, Осман б. Уакил, Аслам б. Әбдулазиз және Халаф б. Абдулла Шафиғи мәзһабындағы ғұламаларының қатарынан болатын. Андалусиядағы захири мазхабының алғашқы өкілдері Абдулла б. Мұхаммед б. Хилал мен Мунзир б. Саид әл-Баллуті болды. Захири көзқарасының ең белсенді қорғаушысы сөзсіз атақты ғұлама Ибн Хазм болып табылды.

Кәлам (Сенім). Андалусияда ең аз дамыған исламдық ғылыми бағыттың бірі кәлам (сенім) ілімі болды. Мұның себебі Шығыста пайда болған теологиялық мәселелерге және осы мәселелер төңірегінде өрбіген пікірталастарға ешқашан мүмкіндік бермеген Мәлики мәзһабының Андалусиядағы үстемдігі ықпалды болып табылды. Бірақ кейбір Муғтазила идеяларының, соның ішінде Бақиллани, Имам-у-Харамайнал-Жуайни және Ғаззалидің теологиялық еңбектері Шығыста білім алған кейбір студенттер арқылы Андалусияға енуі мүмкін болды. Ал, атақты ғұлама Ибн Хазм өзінің «*әл-Фасл*» атты еңбегінде Алла, ерік бостандығы, тағдыр, иман, ақырет, имамат, т.б. теологиялық мәселелермен айналысып, Муғтазила, Муржиа және шийттерді көзқарастары үшін қатты сынға алды (Адил, 1985: 16).

Мистицизм (Тасаууф). Аскеттік өмір мұсылмандарға өткен алғашқы жылдардан-ақ Андалусия үшін үйреншікті өмір салты болатын. IX ғасырда Ибн Масарра мен оның шәкірттері Кордова маңындағы тауда аскеттік өмір сүргені белгілі. Алайда бұл өмірдің Шығыста жүйеленген Исламдық сопылықпен қаншалықты қатысы бар екені толық анықталмаған. Екінші жағынан, X ғасырдың аяғынан басталған саяси бытыраңқылық пен соның нәтижесінде пайда болған әлеуметтік күйзелістің әсерінен Мариядағы Ибнул-Ариф, Ишбилиядағы Ибн Беррежан, Шилбтегі Әбул-Қасым Ибн Қаси сияқты адамдардың төңірегіне жиналған қауымның сопылық топтар екені даусыз. Сопылық саласында өзіндік орны бар, әсіресе «*әл-Футухату'л-Маккийя*» және «*Фусусул-хикам*» атты бірқатар еңбектерімен танымал, Ислам және Христиан әлеміне терең әсер еткен Ибнул-Араби Андалусиядан шыққан ғалымдар қатарынан болып табылады. Оның шәкірттерінің бірі Ибн Сабгин мен оның ықпалында болған «*Шарху Китабил-Хикам*» атты еңбектің авторы Ибн Аббад ар-Рунди де атақты сопылар болды (Мехмет, 1995: 223).

с) Басқа ғылымдар.

Философия және логика. Андалусияда фикһтағы дін ғалымдардың және олардың ықпалындағы халықтың үлкен бөлігі шын мәнінде философиямен айналысуға жақсы көзқараста болмады. Кейбір басқаруда отырған әкімдер саяси алаңдаушылыққа байланысты мезгіл-мезгіл өз көзқарастарын көрсетті, тіпті философиямен айналысқандарды жазалау және философиялық еңбектерді өртеп жіберу әрекеттеріне барды. Осыған қарамастан Андалусиядағы кейбір философиялық топтар IX ғасырдан бастап жасырын болса да қалыптаса бастады. Бұлардың бірінші өкілі – Батини ұстанымында, әсіресе Эмпедоклдың ықпалында қалған Ибн Масарра болды. Өзінен кейінгі көптеген адамдарға әсер еткен Ибн Масарраның бұл идеялары, 12 ғасырда сопы болған Ибнуль-Ариф тарапынан жүйеленді. Ибн Хазм «*әл-Фасл*» кітабында исламдық сенімге қарсы шыққан философиялық ағымдарды Захири көзқарасы шеңберінде қатаң сынға алды. Ибн Хазмның замандасы яхуди ұлтынан Ибн Себироль (Gabirol) да өзінің «*Йанбул-хайят*» атты еңбегінде періштелердің материалдық денелері мен пішіндері бар екенін айтып, ақиқатқа философиялық ой арқылы жетуге болатынын алға тартты. XII ғасыр негізінен Андалусиядағы философияның ең жарқын кезеңін құрайды. Осы ғасырда шыққан, Аристотельдің еңбектері бойынша көптеген кітаптар мен трактаттар жазған философтардың бірі Ибн Бадже, бір жағынан философия мен классикалық теологияны ажыратуға тырысса, екінші жағынан, адамның өзіндік қабілеттерін дамыта отырып, «белсенді ақылмен» байланысқа түсуге болатынын көрсетуге тырысты. Ибн Туфайл «*Асрарул-хикматил-маириқийя*» атты еңбегінде адамдарда философиялық және метафизикалық ойдың пайда болуы үшін ешқандай ілім қажет емес және бұл ой туғаннан бар деген тезисті талқылады. Ислам әлемінің ең ұлы философтарының бірі, Машшай мектебінің соңғы өкілі және Аристотельдің ең танымал тәпсіршісі саналатын Ибн Рушд, Ғазалиге жауап ретінде жазған «*Тахафуту Тахафутил-фаласифа*» кітабында философияны теологияға (кәлам) қарсы қорғады. Ол «*Фасл-у-мақал*» және «*әл-Кашифан манахижил-адила*» атты еңбектерінде де дін мен философияның мақсаттары бір, бірақ әдістері әртүрлі деп тұжырымдаған. Оның ықпалындағы яхуди философы Мұса б. Маймун (Моше бен Маймон) да иудаизм тұрғысынан осыған ұқсас жолды ұстанды.

Андалусияда логика ғылымына қажетті мән берілді деп айтуға болмайды. Расында, логика саласында еңбек жазған «*ат-Тақриб ли-хадди'л-мантиқ*» кітабының авторы Ибн Хазм мен «*Китабу'л-Мадхал ли-синағати'л-мантиқ*» кітабының авторы Ибн Тумлус та өз кезеңдерінде логика ғылымына қажетінше мән берілмегендігін айтып шағымданған (Терес, 1957: 51).

Тарих және география. Андалусияда тарихқа үлкен қызығушылық болды. Әдіс жағынан Шығыс ғылымы жалпы үлгі ретінде алынып, тарихи зерттеулер аясында Андалусияда жалпы және арнайы тарихтарды, Табақат кітаптарын және әдебиетке қатысты тарих кітаптарын жасақтау арқылы кең және бай тарихи қоры жасалды. Бізге дейін жеткен қолдағы мағлұматтарға қарасақ, алғашқы тарихи зерттеулердің әмірлік дәуірінде басталып, халифалық кезінде, әсіресе мулуку'т-тауиф кезеңдерінде дамығанын көрсетеді. Олардың ішінде Әбдулмәлік б. Хабибтің *ат-Тарих*, Ахмед ар-Разидің *Ахбару мулукил-Андалус*, авторы белгісіз «*Ахбар*» атты көп томдық еңбегі, Ибнул-Қуттияның *Тариху ифтитахил-Андалус*, Ибн Хаййанның *әл-Муктабас*, Ибн Хазмның *Жамхарату ансабил-Араб*, Ибнул-Хатибтің *әл-Ихата* және *Ағмалу'л-алам* атты еңбектерін атауға болады. Табақат кітаптарына Хушанидің «*Құдату Құртуба*», Ибнуль-Фарадидің «*Тариху уламәил-Андалус*», Ибн Бешкувалдың «*ас-Сила*», Ибнуль-Аббардың «*ал-Хуллату'с-сиара*»; Әдебиет тарихында Ибн Бассамның «*аз-Захира*» және Ибн Хақанның «*Қәлә'идул-иқян*» атты еңбектерін мысалға келтіруге болады. Андалусияда география саласында да көптеген құнды еңбектер жазылды. Бұлардың ішінде Узридің «*Тарсиуль-ахбар*», Әбу Убайд әл-Бақридің «*әл-Масалик уа'л-мамалик*» және «*Мугжаму мастаъжам*» және Химияридің «*ар-Раузу'л-митар*» атты еңбектерін атауға болады. Сонымен қатар, Идриси, Әбу Хамид әл-Ғирнати және Ибн Жубайр сияқты әрі географ әрі саяхатшы болғандар Андалусиядан шықты.

Музыка. 822 жылы Кордоваға келген Маусили мектебінің мүшесі Зириябтың күш-жігерімен Андалусия музыкасының консерваториясы деп санауға болатын мектептер алдымен Кордовада, одан кейін Тулейтула, Валенсия, Ишбилие және Гранада сияқты қалаларда ашылды. Зириябтан кейін музыка саласындағы ықпалды тұлғалардың арасында Аббас б. Фирнас, Ибн Абдураббих, Ибн Фатхун, Саид ар-Рабаи, Ибн Рушд және Ибн Бадже сияқты атақты адамдар болған. Дін ғұламаларының қарсылығына қарамастан, музыка қоғамның әр бөлігінде орын алды. Осы қарқынды қызығушылықтың арқасында XI ғасырда Андалусия музыкасы Шығыстың даңқына көлеңке түсіре бастады және Батыс Еуропа музыкасына да әсер етті.

Астрономия және математика. Философия сияқты жұртшылықтың көңілінен шықпаған ғылым саласының бірі астрологиямен бірге қарастырылған астрономия болды. Осыған қарамастан, астрономия Андалусияда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Андалусия астрономдары гректерге қарағанда жердің көлемін дәлірек есептеді. Астрономиямен қатар математикалық зерттеулер де практикалық және теориялық тұрғыдан жүргізілді. Екі салада да көптеген ғұламалар шыға бастады. Олардың ішінде Әбу Бәкір әл-Ансари билеуші II Хакем тұсында астрономия және математика саласының ірі өкілі ретінде мұғалім болып жұмыс істеді. Бұған қоса математика мен астрономияда беделді және Андалусияның Евклиді саналатын Әбул-Қасым әл-Мажрити «*Рисалату'л-Устурлаб*» атты еңбегін жазды және Харизмидің «*Зик*» кітабына да түзетулер енгізді. Оның шәкірттерінің бірі Ибн Халдун сауда жөніндегі арифметика, жерді өлшеу, алым-салық есептеулері туралы түрлі еңбектер жазды. Зарқали де сол кезең үшін үлгісі теңдессіз деп саналатын астрономиялық аспаптарды жасады. XII ғасырда өмір сүрген Жабир б. Афлах пен Әбу Исхақ ал-Битружи «*Китабуль-Хайя*» деп аталатын еңбектерімен астрономияға елеулі үлес қосты.

Зоология және ботаника. Андалусия билеушісі II. Абдуррахман алғаш рет Шығысқа өсімдіктер мен жануарлар үлгілерін жинауға зерттеушілер жібергенімен, зоология және ботаника саласындағы нақты жұмыстар XI ғасырдан бастау алды. Осы кезеңде бүгінгі ғылыми-өндірістік орталықтар сияқты дамыған бау-бақшаларының атағы Андалусия

шекарасынан асып, танымал бола бастады. Бұл бақтарда қызмет жасаған зерттеушілер жер жырту, суару, тыңайту, егін жинау, Андалусияға алғаш әкелінген өсімдіктерді таныстыру, егу, ауылшаруашылық ауруларымен күресу сияқты тақырыптармен айналысты. Ибн Уафид, Ибн Хажжаж, Ибнуль-Аууам, Ибнул-Байтар және Ибнул-Бассал сияқты ғалымдар бау-бақша мәдениетіне қосқан үлестерімен ерекше көзге түсті (Хусейн, 1957: 51).

Медицина және химия. Андалусия мұсылмандары да медицина саласында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бұған дейінгі кезеңде Шығыстағы зерттеулердің үлесі көп болатын. Алайда, Андалусиялықтар Шығыстан алған білімдеріне көптеген үлес қосты және физиологияда, әсіресе жануарларды зерттеуде айтарлықтай табыстарға жетті. Олар Гален, Гиппократ сияқты классикалық кезең ғалымдарының физиология мен анатомиядан алған білімдерін пайдаланғанымен, кейбір қателіктерін де түзетті. Олар қолданбалы медицина ғылымын одан әрі дамытып, осы шеңберде ота жасауда қолданылатын құралдар мен оларды қолдану тәсілі туралы елеулі еңбектер жазды. Олар өсімдіктерден шырын алу техникасын жасап, фармакология саласында еңбектер жазып, дәріханалар құрды. Медицина мен химия салаларында Андалусиядан білім алған Әбул-Қасым аз-Захрауи отыз томдық «*ат-Тасриф*» атты медициналық энциклопедия құрастырған. Әбу Маруан Әбдулмәлік б. Зухр де атақты дәрігер болған. Сондай-ақ философ Ибн Рушд те дәрігер болған және осы салаға қатысты он алты кітап жазған. Ибнул-Байтар «*әл-Жамиғ ли-муффрадатил-адушия уал-ағзия*» атты еңбегімен Шығыста да, Батыста да үлкен атақ-даңққа ие болды, онда ол дәрі-дәрмек пен азық-түліктің алуан түрін жинап, оның құрамы қалай екенін оларды жасау жолын түсіндірді. Андалусияда көптеген ауруханалар болды. Халифалық кезінде Кордованың өзінде үлкенді-кішілі елуге жуық аурухана болғаны тарихтан белгілі.

6. Андалусия өркениетінің Батысқа әсері. 711 жылдан бері Андалусия мұсылмандар мен мұсылман емес халықтардың әртүрлі салалардағы әрекеттерімен биік және жарқын өркениеттің туған бесігі болды. Сол тұста Андалусияға іргелес жатқан Батыс елдері болса, ақыл-ой әрекеттері дінге қайшы деп саналып «қараңғы дәуір» деп аталатын кезеңді бастан өткерді және мұсылмандар жасаған жаңалықтардан онша хабардар болмады. XI ғасырда Шығысқа, одан ары Андалусияға да ұйымдастырылған крест жорықтарының арқасында христиандар ислам өркениетін жақыннан білуге мүмкіндік алды. Бұдан былай еуропалықтардың көкейінде жүрген ең маңызды мәселе – мұсылмандардың осындай биік өркениетке қалай қол жеткізгені және соны түсініп, ислам өркениетін жақын тану мақсатында араб шығармаларын өз тілдеріне аударуға кірісті. Араб тілінде жазылған ғылыми-философиялық шығармаларды латын тіліне аудару ісімен айналысатын орталықтардың бірі Сицилия болса, екіншісі Испания болды. Андалусия мұсылмандары ислам мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқанымен 11-ші ғасырдан бастап саяси күйзеліс кезеңіне енсе де, «реконкиста» қозғалысы аясында мұсылмандардан жерлерін қайтара бастаған христиан әкімшілері Андалусия өркениетіне таңдануының арқасында араб тілін үйренуді және араб тіліндегі шығармаларды латын тіліне аударуды қолдап, тіпті бұл жұмыстың жалғасуын жеке бақылауына алды. Осы себепті христиандық Испанияның әртүрлі қалалары ислам дәуіріндегідей еуропалық елдерден келген студенттерді қызықтыратын орталық болып қала берді. Ислам өркениетінің білімін Батысқа жеткізуге бағытталған бұл аударма жұмыстары 10-шы ғасырда басталғанымен, 12-ші ғасырда бұл әрекеттер жүйелі әрі қарқынды сипатқа ие болды. Бұл жерде Тулейтула архиепископы болған Раймунду Бағдадтағы Байтулхикмаға ұқсас обсерватория құрды. Бұдан бөлек араб тілі мен әдебиеті де қосымша оқытылатын бұл обсерваторияда жұмыс істейтін мұсылман, христиан және еврей аудармашылары философия, астрономия, математика, медицина, химия, тарих, география және әдебиет сияқты ғылым салаларына қатысты көптеген араб еңбектерін латын тіліне аударумен айналысты. Осы зерттеулер кезінде Тулейтула әртүрлі ұлт пен діндердің ғалымдары, аудармашылары өмір сүрген маңызды ғылыми орталық болды. XIII ғасырда Ишбилие мен Мурсияда да аударма мектептері ашылды (Коч, 2018: 291).

Ортағасырлық Еуропа ежелгі грек философиясын, әсіресе Аристотельді мұсылман философтары арқылы таныды. Ибн Рушдтың Аристотельге түсініктемелері мен «Тахафуту Тахафутил-фаласифа» еңбегі оған үлкен бедел әкелді. Шіркеу қарсылығына қарамастан, оның идеялары Париж университеті мен басқа оқу орындарында оқытылды. Латын әлемінде Аверроизм философиялық мектеп ретінде XVI ғасырға дейін үстемдік етті. Андалусиядан шыққан тағы бір ойшыл Мұса б. Маймун яхуди және христиандық теологиялық қоғамға ықпал етті. Оның идеялары Альберт Магнус, Дунс Скот, Спиноза, Кант сияқты ойшылдарға әсер етті. Сонымен қатар, Ибн Бадже, Х Альфонсо, Данте, Бэкон сынды еуропалықтар да мұсылман ойшылдарынан әсер алды.

Медицинадағы аудармалар ауруларды шайтанның әсерімен түсіндірудің орнына заманауи емдеу әдістерін енгізуге ықпал етті. Араб цифрлары мен «algebra», «senit» сияқты терминдер ислам ғылымының ықпалын көрсетеді. XI ғасырда Тулейтулада құрылған Зарқали обсерваториясы Еуропада астрономияның дамуына үлес қосты. Ортағасырлық Еуропа мұсылман географтары мен саяхатшыларының еңбектерінің латын тіліндегі аудармалары арқылы Таяу және Қиыр Шығыс туралы білім алды (Сейболд, 1993: 167).

Еуропада фабула жанрының әдебиет саласында пайда болуы сөзсіз үнді-иран тектес исламдық шығармалардың әсерінен болды, әйгілі Ла Фонтейннің өзі *Калила мен Димнаны* кеңінен пайдаланғанын айтады. «*Мың бір түн*» Еуропада күні бүгінге дейін кеңінен қабылдануда. Латын тіліндегі аудармалардың арқасында *Миграж мұғжизасы* Дантеге де әсер етіп, ондағы фигураларды басқа стильде өзінің әйгілі «*Ла Дивина Коммедиа*» философиялық-әдеби шығармасына бейімдегені белгілі. Андалусияға тән зажал (zagal) және муашшаһ (muashshah) жанрындағы өлеңдер Кастилия халық поэзиясында жаңа жылдық гимндерде қолданылған «villancico» деп аталатын жанрдың пайда болуына түрткі болды. Сол сияқты 12-ші ғасырда Францияда халық ақындары (трубадур) балладаларында *зажалла* жанрын мысалға алғаны белгілі. Андалусиялықтар шығарған және айтқан әндер христиандық Испанияда да қабылданды. Арагон және Кастилия-Леон патшаларының сарайларында мұсылман музыканттары орын алды. Кастилия-Леон королі Х Альфонсоның *Лас-канти газ де Санта-Мариядағы* әндерінің шығармалары Андалусия музыкасына негізделгені дәлелденді. Қазіргі испан музыкасынан Андалусия музыкасының іздерін көруге болады. Екінші жағынан, Кельндік Франко Еуропада 1190-жылдары пайда болған «Франкондық» деп аталатын нота әдісінің ойлап табушысы ретінде қабылданса, зерттеулер ислам музыкасының одан 400 жыл бұрын нота әдісіне негізделгенін және мұсылман музыканттар 12-13 ғасырларда Андалусияда латын тіліне аударылған еңбектерінде бұл стильдің қолданылғанын көрсетті (Шабан, 2018: 118).

Мәдени өмірінен басқа Андалусия Еуропаға ауыл шаруашылығы мен сәулет салаларында да айтарлықтай әсер етті. Андалусия мұсылмандары бірінші болып күрішті, қант қамысы мен мақтаны Испанияға, одан әрі басқа да Еуропа елдеріне енгізді. Мақта көмірмен бірге Еуропадағы өнеркәсіптік революцияның екі өте маңызды элементін құрағаны белгілі: Ал қант еуропалықтардың аспаздық мәдениетіне елеулі өзгерістер әкелді. Мұсылмандар Испанияда судың булану арқылы азайып кетпеуі үшін жер асты арналары арқылы тасымалдауды бірінші болып қолданды және бұл әдіс кейіннен Оңтүстік Америкаға дейін жеткізілді. Еуропаға қағаз әкеліп, паламут пен құрма ағаштарынан шайыр алуды үйреткендер де Андалусия мұсылмандары болды. XII ғасырдан бастап кейбір испан және португал патшалары салған сарайлар Кордовадағы сарайлардың дерлік көшірмесі болды деуге негіз бар. Севилья Альказар куфи каллиграфиялық фриздерімен безендірілген және жазулары тіпті араб тілінде жазылған бұл сарайлардың жарқын мысалы болып табылады. Андалусия сәулет өнерінің әсері Испаниямен шектеліп қалмай, Солтүстік Африкаға, Шығысқа, тіпті Америка құрлығына да жетті.

Қорытынды

Андалусияның Алтын ғасыры – ислам өркениетінің Еуропадағы ерекше даму кезеңдерінің бірі болды. Бұл дәуірде аймақтың әлеуметтік құрылымы әртүрлі этностар мен діни топтардың өзара әрекеттесуіне негізделіп, күрделі иерархия қалыптасты. Мұсылмандар мен мұсылман еместердің қатар өмір сүруі, сондай-ақ, арабтар, барбарилер, муалладундар мен мустағрибтердің мәдени және әлеуметтік байланысы ерекше қоғамдастықтың дамуына ықпал етті.

Әкімшілік құрылым да берік жүйеге негізделіп, билік орталықтандырылған басқару арқылы жүзеге асты. Әмәуилер дәуірінде қалыптасқан саяси институттар елді басқарудың тиімділігін арттырып, орталық пен аймақтар арасындағы байланысты күшейтті. Әскери жүйенің тұрақты дамуы Андалусияны қорғаныс қабілеті жоғары, аймақтық ықпалы күшті мемлекетке айналдырды.

Экономикалық тұрғыдан Андалусия Еуропадағы ең өркендеген аймақтардың біріне айналды. Ауыл шаруашылығы, сауда, қолөнер және инфрақұрылымның дамуы халықтың әлеуметтік артуына әсер етті. Кордова, Ишбилиа, Гранада сияқты қалалар сәулеті, базарлары, жол жүйелері мен қоғамдық нысандарымен әлем назарын аударды.

Білім мен ғылым саласында да Андалусия ислам әлемінің алдыңғы қатарлы орталықтарының біріне айналды. Қалыптасқан үш сатылы білім беру жүйесі арқылы философия, медицина, математика, астрономия, әдебиет және исламдық ғылымдар қарқынды дамыды. Араб тілі ортақ ғылыми және мәдени тілге айналып, жергілікті халықтардың білім алуына жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Жалпы, Андалусияның Алтын ғасыры өркениет пен ғылымның өркендеуінің жарқын үлгісі болып табылады. Бұл кезеңде қалыптасқан әлеуметтік, әкімшілік, экономикалық және мәдени құрылымдар аймақтың ғана емес, бүкіл ислам әлемінің және одан тысқары жерлердің дамуына әсер етті. Мұсылман Андалусиясы ғылым мен мәдениеттің алтын көпіріне айналып, кейінгі ғасырларда Батыс өркениетіне ықпал етті.

Әдебиеттер:

- Адам, 2011 — *Адам А.* Ислам мазхабтары тарихы. Түркістан, 2011. 190 б.
- Адилъ, 1985 — *Адилъ Саид Биштави.* Аль-Андалусийюн. Дамаск, 1985. с.16.
- Бекир, 2014 — *Бекир Т. (ауд. Н. Ж. Байтенова, С. У. Абжалов).* Ислам теологиясы. Кіріспе: Оқулық. Алматы, 2014. 276 б.
- Бурхануддин, 2015 — *Бурхануддин А.* Ислам өркениетінің қайталанбас жауһары – андалусия әмірлігі. – <https://www.muftiyat.kz/kk>, 2015.
- Коч, 2018 — *Коч О.* Библиотеки Андалузии и вклад в производство научных знаний. *Bilgi Dünyası*, 2018, 19(2), с. 297–323.
- Мехмет, 1995 — *Мехмет Ә.* Андалусия. АСВ, XI, 1995. с.223.
- Мехмет, 1995 — *Мехмет Ә.* Андалусия. DİA. Стамбул, XI, 1995. с.210.
- Мухаммад, 1983 — *Мухаммад б. Аббүд.* История Политическая и социальная. Титван, 1983. с.217.
- Сайид, 1985 — *Сайид А. С.* Тарихуль-Муслимин и Асарухум фил-Андалюс. Александрия, 1985. с.33.
- Сейболд, 1993 — *Сейболд К. Ф.* Андалусия. Энциклопедия ислама. Т. IV. Стамбул, 1993. с.271.
- Темирханов, Б., & Муталиев, М., 2024 — *Темирханов Б., Муталиев М.* ҰМЫТ БОЛҒАН АНДАЛУСИЯ ИСЛАМ МЕМЛЕКЕТІНІҢ САЯСИ ТАРИХЫ. Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки, 79(3). DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.011>.
- Терес, 1957 — *Терес С.* Linajes Arabes в Аль-Андалусе. Al-Andalus. XXII. Мадрид, 1957. с.51.
- Филип, 1980 — *Филип Х.* История ислама (пер. Салиха Туга). Стамбул, 1980. Т. III. с.797.

- Хусейн, 1957 — Хусейн М. Политико-административное управление мусульманской Испании. Журнал Египетского института исламских исследований. Мадрид, 1957. с.79.
Хусейн, 1985 — Хусейн М. Фекрюль-Андалус. Джидда, 1985. с.47.
Шабан, 2018 — Шабан О. (ауд. Е. Есімқұлов). Ислам тарихы. Алматы, 2018. 352 б.

References:

- Adam, 2011 — Adam A. Islam mazhabtary tarihy [The History of Islamic Mazhabs]. Turkistan, 2011. 190 b. (in Kaz).
- Adil, 1985 — Adil Said Bishtavi. Al-Andalusiyyun [The Andalusians]. Damask, 1985. s.16. (in Arab).
- Bekir, 2014 — Bekir T, Aud. N. Zh. Baytenova, S. U. Abzhalov. Islam teologiyasy. Kirispe: Oqulyk [Islamic Theology: An Introduction]. Almaty, 2014. 276 b. (in Kaz).
- Burhanuddin, 2015 — Burkhanuddin A. Islam orkienietinin kartalanbas zhaukhary – Andalusiya emirliği [The Inimitable Jewel of Islamic Civilization: The Emirate of al-Andalus]. – <https://www.muftyat.kz/kk>, 2015 zh. (in Kaz).
- Koch, 2018 — Koch O. Biblioteki Andalusi i vklad v proizvodstvo nauchnykh znaniy [The Libraries of al-Andalus and Their Role in the Production of Scientific Knowledge]. 2018 Bilgi Dunyasi- 19(2), s. 297-323. (in Tur).
- Mehmet, 1995 — Mehmet O. Andalusiya ASV [Andalusia], XI, 1995. s. 223. (in Tur).
- Mehmet, 1995 — Mehmet O. Andalusiya DIA [Andalusia], İstanbul, XI, 1995. s. 210. (in Tur).
- Muhammed, 1983 — Mukhammed b. Abbud. İstoriya Politicheskaya i sotsialnaya [Political and Social History]. Titvan, 1983, s.217. (in Rus).
- Said, 1985 — Said A.S. Tarikhul-Muslimin i Asaruhum fil-Andalyus [The History of Muslims and Their Intellectual and Cultural Legacy in al-Andalus]. – Aleksandriya, 1985, s. 33. (in Arab).
- Seibold, 1993 — Seibold K.F. Andalusiya Entsiklopediya islama [Al-Andalus. In Encyclopaedia of Islam]. t.IV, – İstanbul, 1993, s.271. (in Tur).
- Temirkhanov, Mutaliev, 2024 — Temirkhanov B., Mutaliev M. THE POLITICAL HISTORY OF THE FORGOTTEN ISLAMIC STATE OF ANDALUSIA. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Historical and Social-Political Sciences, 1(80). <https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.011> (in Kaz).
- Teres, 1957 — Teres S. Linajes Arabes v Al-Andaluse, Al-Andalus [Arab Lineages in al-Andalus. Al-Andalus]. XXII, - Madris, 1957, s.51. (in Eng).
- Philip, 1980 — Philip Kh. Istoriya islama (perevod Salikha Tuga) [History of Islam (trans. by Saliha Tuga)]. – Stambul, 1980, III, – s.797. (in Rus).
- Khusein, 1957 — Khusein M. Politiko-administrativnoe upravlenie musulmanskoï Ispanii [Political and Administrative Organization of Muslim Spain]. Zhurnal Egipetskogo instituta islamskikh issledovaniy, V. Madrid, 1957. s.79. (in Rus).
- Khusein, 1985 — Khusein M. Fekryul-Andalus [The Thought of al-Andalus]. Dzhidda, 1985. s.47. (in Arab).
- Shaban, 2018 — Shaban O. (audargan: E. Esimkulov). Islam tarikhy [History of Islam]. Almaty, 2018. 352 b. (in Kaz).

¹Муталиев М. ²Темирханов Б. ³Сауырккан Е.

¹Университет Анкара, Анкара, Турция

²Анкарский университет Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция

³Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,
Алматы, Казахстан

E-mail: ¹meiirbols9293@gmail.com, ²batyrzhantemirkhanov@gmail.com,
³erekejan@gmail.com

ЗОЛОТОЙ ВЕК АНДАЛУСИИ: СОЦИАЛЬНАЯ СТРУКТУРА, НАУКА И ЦИВИЛИЗАЦИЯ

Аннотация. В данной статье рассматриваются социальная структура, административная система и экономическое развитие Андалусии. В период мусульманского правления Андалусия пережила особый этап культурного, научного и экономического расцвета. Этот подъем был достигнут благодаря взаимодействию между этническими группами, эффективной системе управления и экономическому процветанию. Цель и задачи исследования – Статья направлена на анализ социальной структуры Андалусии, взаимосвязи между различными социальными группами, особенностей системы государственного управления и ключевых факторов экономического развития. В ходе исследования на основе исторических источников ставятся задачи определения роли различных этнических групп в обществе, демонстрации эффективности административной структуры и описания тенденций экономического роста. Результаты исследования показали, что, несмотря на этнические конфликты между арабами и берберами, процесс культурной интеграции продолжался. Административная система была организована эффективно, что позволило государству сохранять внутреннюю стабильность и военную мощь. В экономике важную роль сыграли развитие городов, торговли и сельского хозяйства. Распространение исламских наук и широкое использование арабского языка оказали положительное влияние на духовное развитие общества. Социальная структура, система административного управления и экономическое развитие Андалусии способствовали стабильности и процветанию общества. Культурный обмен между различными этническими и религиозными группами, эффективная политика правителей и экономический рост превратили этот регион в один из самых процветающих центров средневекового исламского мира. Кроме того, статья вносит вклад в развитие отечественной исторической науки.

Ключевые слова: Андалусия, Золотой век, Халифат Кордовы, исламская цивилизация, социальная структура, административная система, наука и образование.

¹Mutaliyev M. ²Temirkhanov B. ³Sauyrkan Y.

¹Ankara University, Ankara, Türkiye

²Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Türkiye

³Institute of History and Ethnology named after Ch. Ch. Ualikhanov,
Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹meirbols9293@gmail.com, ²batyrzhantemirkhanov@gmail.com,
³erekejan@gmail.com

THE GOLDEN AGE OF ANDALUSIA: SOCIAL STRUCTURE, SCIENCE AND CIVILIZATION

Abstract. This article explores the social structure, administrative system, and economic development of Al-Andalus during the period of Muslim rule. Al-Andalus experienced significant cultural, scientific, and economic growth, driven by interethnic cooperation, an effective governance model, and a thriving economy. Goals and objectives – The primary aim of this research is to analyze the composition of social groups, their interactions, the administrative framework, and the factors influencing economic progress in Al-Andalus. The study seeks to determine the role of ethnic groups in society, evaluate the efficiency of the governance system, and examine economic development trends using historical sources. Despite ethnic tensions between Arabs and Berbers, cultural integration continued. The administrative system was well-structured, ensuring stability and military strength. Economic growth was fueled by urban prosperity, trade expansion, and agricultural advancements. The flourishing of Islamic sciences and the Arabic language further enriched society.

The combination of cultural exchange, strong governance, and economic success made Al-Andalus one of the most prosperous regions of the medieval Islamic world. This study also contributes to the development of national historiography.

Keywords: Andalusia, Golden Age, Caliphate of Córdoba, Islamic civilization, Social structure, Administrative system, Science and education.

Сведения об авторах:

Мейірбол Муталиев, Университет Анкара, PhD Доктор кафедры общей истории тюркских народов, Анкара, Турция.

Батыржан Темирханов, Анкарский университет Хаджи Байрам Вели, PhD Доктор кафедры общей истории тюркских народов, Анкара, Турция.

Елдос Сауыркан, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Докторант 1 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Мейірбол Муталиев, Анкара университеті, Жалпы түркі тарихы кафедрасының PhD докторы, Анкара, Түркия.

Батыржан Темирханов, Анкара Хажы Байрам Вели университеті, Жалпы түркі тарихы кафедрасының PhD докторы, Анкара, Түркия.

Елдос Сауырқан, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 1 курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Meirbol Mutaliyev, Ankara University, PhD of the Department of General Turkish History, Ankara, Türkiye.

Batyrzhan Temirkhanov, Ankara Hacı Bayram Veli University, PhD of the Department of General Turkish History, Ankara, Türkiye.

Yeldos Sauyrkan, Institute of History and Ethnology named after Ch. Ch. Ualikhanov, 1st year doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.